

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 17 қазандағы № 402 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 26 қарашада № 5176 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 79 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды – Қостанай облысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің 05.05.2016 № 79 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 29 қазандағы № 410 "Қазақстан Республикасы мемлекеттік органының үлгі ережесін бекіту туралы" Жарлығына сәйкес Меңдіқара ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі туралы ереже бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Қ.А. Хамзинге жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

С. Жақаев

Әкімдіктің
2014 жылғы 17 қазандағы
№ 402 қаулысымен бекітілген

1. Жалпы ережелер

1. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі ауылдық округі әкімінің қызметін ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтайшысы Меңдіқара ауданы әкімдігінің тұлғасында мемлекет болып табылады.

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, мемлекеттік тілде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмыс тәртібі басшымен бекітілген аппараттың жұмыс регламентіне сәйкес белгіленеді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеуі тиіс.

5. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

6. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

7. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен әкімінің өкімдерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті қолданыстағы заңнамаға сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 111311, Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Меңдіқара ауданы, Михайловка ауылы, Ленин көшесі, 85А.

10. Мемлекеттік органның толық атауы - "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі.

11. Осы ереже "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты"

мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысында шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Мемлекеттік органның миссиясы,

негізгі міндеттері, функциялары,

құқықтары мен міндеттері

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің миссиясы: ауылдық округі әкімінің ақпараттық-талдамалық, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық іс-әрекетін қамтамасыз ету болып табылады.

14. Міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігін, конституциялық құрылысын қорғау және нығайту, қауіпсіздігін, аумақтық тұтастығын, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету бойынша Қазақстан Республикасы Президентінің саясатын өмірге енгізу;

2) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық даму стратегиясын іске асыру, мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттарын жүзеге асыру және елдегі әлеуметтік және экономикалық процестерді басқару;

3) қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылықтық конституциялық принциптерін өмірге енгізу, демократиялық үдістерімен мемлекеттік өмірдің аса маңызды мәселелерін шешу;

4) заңдылық пен құқықтық тәртіпті нығайту жөніндегі шараларды жүзеге асыру, азаматтардың құқықтық саналылығының және олардың елдің қоғамдық-саяси өмірдегі белсенді азаматтық ұстанымдарының деңгейін арттыру;

5) қоғамдық ұйымдармен және бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимыл жасау;

6) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген өзге де міндеттер.

15. Функциялары:

1) ақпараттарды жинауды, өңдеуді жүзеге асыру және ауылдық округтің әкімін әлеуметтік-экономикалық және саяси мәселелер бойынша ақпараттық-талдамалық материалдармен қамтамасыз ету;

2) Президент жүргізіп отырған ішкі және сыртқы саясатты түсіндіру;

3) әкімнің қызметін бұқаралық ақпарат құралдарында хабарлауды қамтамасыз ету, нормативтік-құқықтық актілерді жариялау;

4) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жай-күйіне және орындаушылық тәртібіне талдау жүргізу;

5) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің жұмысын жоспарлау, кеңестерді, семинарларды және басқа да іс-шараларды өткізу;

6) ауылдық округі әкімінің шешімдері мен өкімдерінің жобаларын дайындау;

7) заңнаманың сақталмағандығы бойынша анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қолдану;

8) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік қызметшілерін даярлау және қайта даярлауды, құқықтық жалпы оқытуды ұйымдастыру;

9) әкімнің шығарған актілерін тіркеуді жүргізу;

10) әкімнің актілерін тиісті дәрежеде ресімдеуді және таратуды қамтамасыз ету;

11) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінде іс жүргізуді жоспарға сәйкес ұйымдастыру;

12) қызметтік құжаттар мен азаматтардың өтініштерін қарау;

13) азаматтарды жеке қабылдауды ұйымдастыру;

14) мемлекеттік тілді кең қолдануға бағытталған шараларды қабылдау;

15) жұмыстың тәсілі мен үдістерін жақсарту, жаңа ақпараттық технологияны енгізу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

16) өз құзіреті шегінде қолданыстағы заңнамаға сәйкес нотариалдық іс-әрекеттерді жүзеге асыру;

17) мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне сәйкес, жеке және заңды тұлғаларға мемлекеттік қызмет көрсету;

18) мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыруды қамтамасыз ету;

19) мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметкерлердің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасына ішкі бақылауды жүргізу;

21) құзыретіне кіретін мемлекеттік қызмет көрсету бөлігінде жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызмет көрсету тізіліміне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныстар жасау;

22) қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да функцияларды жүзеге асыру.

16. Құқықтары мен міндеттері:

1) осы ережемен қарастырылған негізгі міндеттер мен функцияларды іске асыру үшін "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдар мен лауазымды

тұлғалардан қажетті ақпаратты, құжаттарды және басқа да материалдарды сұрауға және алуға құқығы бар;

2) мемлекеттік органның құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша заңды және жеке тұлғаларға түсініктемелер беру;

3) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі сотта талапкер және жауапкер болуға құқығы бар;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

3. Мемлекеттік органның қызметін ұйымдастыру

17. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне басшылықты "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның функцияларын жүзеге асыруға дербес жауапты болатын ауылдық округтің әкімі жүзеге асырады.

18. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес қызметке тағайындалады және қызметтен босатылады.

19. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі әкімінің өкілеттіктері:

1) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүддесін мемлекеттік органдарда және басқа да ұйымдарда ұсынады;

2) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ережесін әзірлейді, Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімі аппаратының құрылымы мен штат санын бекітуге аудан әкімдігіне ұсыныстар енгізеді;

3) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ішкі еңбек тәртібін белгілейді;

4) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктерін белгілейді;

5) заңнамада белгіленген тәртіппен "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін тағайындайды, босатады және тәртіптік жауапкершілікке тартады;

6) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері үшін орындауға міндетті нұсқаулар береді, шешімдер мен өкімдер шығарады;

7) ауылдық округтің әкімімен қабылданған шешімдер мен өкімдердің

орындалуын бақылау бойынша жұмысты үйлестіреді;

8) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес кадрлармен жұмысты ұйымдастырады;

9) өз құзыреті шегінде қызметтік құжаттамаға қол қояды;

10) "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін іссапарларға жолдайды;

11) жеке тұлғаларды және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдауды жүзеге асырады;

12) нормативтік құқықтық актілер, бағдарламалар және басқа да құжаттардың жобаларын дайындау үшін жұмыс топтарын құрады;

13) өз құзыреті шегінде "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің ақшалай қаражаттарына өкімдік етеді, қаржылық құжаттарға қол қояды;

14) өз құзыреті шегінде гендерлік саясатты іске асырады;

15) өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізеді;

16) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа да қызметтерді орындайды.

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің әкімі болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға орындайды.

4. Мемлекеттік органның мүлкі

20. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болу мүмкін.

"Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

21. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

22. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату

23. "Меңдіқара ауданы Михайлов ауылдық округі әкімінің аппараты"
мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан
Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК